

**Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры  
Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай «Бауыржан Момышұлы:  
Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» республикалық ғылыми-практикалық  
конференцияның  
АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ**

Жамбыл облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы 2025 жылдың 28 сәуірі күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтетіндігі туралы хабарлайды.

**Конференцияның мақсаты:** Өз елін қорғаған ерлігі мен жанқиярлығын көрсету арқылы Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігін дәріптеу – Ұлы қолбасшы, жазушы және патриот Бауыржан Момышұлының өмір жолын, әскери және әдеби мұрасын кеңінен насихаттау.

**Міндеттері:**

- Б.Момышұлының өмір жолы, шығармашылық мұрасы, қоғамдық қызметі мен тарихи рөлі туралы тың деректер ұсыну;
- Б.Момышұлының шығармашылық жолын, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін бағалау;
- Б.Момышұлының шығармаларын талдаудағы дағдыларын жетілдіру.

**Конференцияның мақсатты аудиториясы:** ҰБА ғылыми қызметкерлері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері, білім беру ұйымдарының педагогтері, PhD докторлар мен магистрлер.

**Конференцияның негізгі бағыттары**

**Тарих секциясы:** Бауыржан Момышұлы: Ұлы Отан соғысы мен қазіргі жаһандану үдерісі.

**Тіл және әдебиет секциясы:** Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы және қазіргі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелер.

Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы онлайн ZOOM платформасында өтеді.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс.

Конференция материалдары ISBN коды бар мақалалар жинағында электронды нұсқада таратылады. Конференцияға қатысу тегін. Конференцияға қатысу үшін өтінімді толтырып, мақалалардың электронды нұсқасын (*тарих, тіл және әдебиет секциялары*) **nurmoldaeva86@mail.ru** электрондық поштасына 2025 жылдың 26 сәуіріне дейін жолдау қажет. Толық ақпарат алу үшін 87479306557 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Материалды рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

Өзге облыстан, аудандық, Тараз қалалық білім бөлімдерінен (*сұраныс хатпен*) көлемі 3-5 беттен аспайтын 3 мақала (*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 2 мақала, тарих пәнінен 1 мақала*) электронды түрде ұсынылады: MS WORD мәтіндік редакторы; А4 форматы, негізгі қаріп – Times New Roman, кегль 14, жоғарғы және төменгі – бір, екі бойынша туралау, абзац шегінісі – 1,0 см, барлық өрістер – 2 см. Беттер нөмірленбейді. Ұсынған мақаланың соңында мәтіндік плагиатты анықтау жүйесінен (антиплагиаттан) өткендігі туралы анықтама болуы қажет.

**Назар аударыңыз!**

Жоғарыдан ортасына қарай – баяндаманың атауы бас әріппен, жартылай қалың әріппен; одан әрі жол арқылы, ортасында – автордың аты-жөні мен тегі, жол арқылы – ұйым, қала, автордың e-mail, одан әрі жол арқылы – аннотациялар. Қазақ,

орыс, тілдерінде 30 сөзден артық емес және түйінді сөздер (7 сөзден артық емес), бұдан әрі – мақала мәтіні жаңа жол арқылы жазылады.

Әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшаға алынады.

Әдебиеттер тізімінің нөмірі міндетті. Аудармалар қойылмайды.

Мақалаларды иллюстрациялау ретінде 4 суреттен артық емес қабылданады. Олар презентация логикасына сәйкес мақала мәтінде орналастырылуы керек. Мақала мәтінде суретке міндетті түрде сілтеме берілуі керек, мысалы: (сурет 2). Схемалар штрих – толтыру арқылы немесе сұр реңкте орындалады; схеманың барлық элементтері (мәтіндік блоктар, көрсеткілер, сызықтар) топтастырылуы керек. Әрбір суретте барлық қисықтардың, сандардың, әріптердің және басқа шартты белгілердің реттік нөмірі, атауы және түсіндірмесі болуы керек. Суреттің электрондық нұсқасы jpg, tiff форматтарында сақталуы тиіс (Grayscale – сұр реңктер, ажыратымдылығы- кемінде 300 dpi). Суреттердің көлемі мақаланың ¼ көлемінен аспауы керек.

Материалдар барлық талаптарға сәйкес мұқият өңделуі керек.

Рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған мақалалар конференция материалдарына енгізілмейді және авторларға қайтарылмайды.

Материалдар авторлық редакцияда жарияланады және автор ұсынылған материалдың мазмұнына жауап береді.

Қосымша 2

### Мақаланың рәсімдеу үлгісі

ӘОЖ 17.82.32

Шмакова Е. С. (М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті)  
Вавулиди И. И. ("Жамбыл облысы әкімдігі білім  
басқармасының Тараз қаласы білім  
бөлімінің №40 гимназиясы" КММ)

#### **ДЕМИНУТИВТЕР А.П.ЧЕХОВТЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯНЫ БІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ (КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ)**

**Аннотация.** Осы зерттеуде көркем мәтіндегі экспрессивтіліктің лингвистикалық құралдарының — диминутивтердің семантикасы мен функцияларын анықтауға тырысады. Зерттеу тілдік құбылыс ретінде лингвистикалық түсінікке және көркем мәтін поэтикасын зерттеудің әдеби аспектісінде осы ұғымды түсіндіруге негізделген пәнаралық аспектіде орындалды. Сонымен қатар, зерттеуде көркем шығарманы талдау үшін кешенді лингвистика әдістері мен кешенді технологиялар қолданылады. Тақырыпты таңдаудың өзектілігі ғалымдардың көркем мәтінді кешенді зерттеуге деген қызығушылығының артуына байланысты. Алғаш рет диминуттарды, олардың лексикалық-грамматикалық разрядтарын, семантикалық топтарын, бейнені құрудағы рөлін, сөйлеу портретін және кешендік технологияларды қолдана отырып, көркем мәтіндегі авторлық позицияны білдіруге тырысады. Зерттеу көркем мәтінді кешенді зерттеу алгоритмдерінің жеткіліксіз дамуымен негізделген, әсіресе көркем мәтіндегі лингвистикалық бірліктерді анықтау және олардың авторлық идеямен және авторлық позициямен байланысын анықтау тұрғысынан ғылыми жаңалыққа ие. Жұмыста көркем мәтіндегі көркем функциялар мен диминутивті сөздердің семантикалық топтарын түсіндіру мәселесін теориялық негіздеуден басқа, А.П.Чеховтың әңгімелеріндегі диминутивтерді зерттеу алгоритмі ОТҰК (Орыс тілінің ұлттық кешені) жұмыс істеуге негізделген.

**Тірек сөздер:** диминуттар, авторлық позиция, кешенді технологиялар, пәнаралық зерттеу, экспрессивтілік құралдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шлыкова Л. А. Диминутивы в современном русском языке //Современные проблемы гуманитарных и общественных наук. – 2018. – №. 5. – Б.
2. 270-274.

2. Воронина Л. П. Семантика и прагматика диминутивных суффиксов в русском языке // Вестник Томского государственного университета. 2012. № 359. Б. 15–17.
3. Колосов С. А. К вопросу о категории диминутивности в переводе с русского языка на английский // Вестник Тверского государственного университета. Серия: Филология. – 2017. – №. 4. – Б. 197-203.
4. Купина Н.А. Метафорическая интерпретация коммуникативных ценностей в современной художественной прозе // Известия Уральского федерального университета. Серия 2. Гуманитарные науки. – 2021. – Т. 23. – №. 4. – Б. 283-296.
5. Буряковская А. А., Звонарева Ю. Н. Гендерные особенности выражения оценки при помощи диминутивов и аугментативов // Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки. – 2011. – №. 2. – Б. 448-454.
6. Воейкова М. Д. Структурные функции диминутивов в современном русском языке и продуктивность их употребления // Вопросы языкознания. – 2020. – №. 5. – Б. 38- 56.
7. Национальный корпус русского языка [электронный ресурс]. URL

Қосымша 3

### Өтінімді рәсімдеу үлгісі

Аты-жөні (толық)	
Облыс, аудан	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Баяндаманың атауы	
Бағыт (жинақ)	
Байланыс: телефон	
Электрондық пошта мекен-жайы	